

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ РЕКТОРЫНЫҢ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

ЖОО ректоры, т.ғ.д., профессор Ө.Ү. Үмбетов университеттің білім беру, ғылыми-зерттеу, халықаралық қатынастар, мәдени-әлеуметтік қызметі туралы баяндады. 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарды талдап, оқу орнының алдағы даму жоспарымен таныстырды.

Қызылорда «Болашақ» университеті – студенттердің оқу процесін, тұрмысын, өмірі мен бос уақытын дұрыс ұйымдастыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін дамыған инфрақұрылымы бар жоғары оқу орны. Заманауи зертханалармен, компьютерлік және интернет-аудиториялармен, интерактивті тақталармен, электрондық оқу залдарымен жабдықталған кампуста бакалавриаттың – 35, магистратураның 9 білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады. Қаладан тыс студенттердің тұруы үшін университетте 822 орындық екі абаттандырылған жатақхана бар.

Университеттің инфрақұрылымы қаладағы ең ірі инфрақұрылымдардың бірі болып табылады. Кампуста заманауи бейнебақылау және өткізу режимі жүйесі орнатылған. Оған турникеттер мен камералар кіреді. Кампустағы жағдай тәулік бойы бақыланады және осылайша оның қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Университет құрамында 2 жоғары мектеп, 8 кафедра бар. Есеп беріп отырған уақытта университеттің білім алушылар контингенті 4708 білім алушыны құрады, оның ішінде: бакалавриат – 4555, магистратура – 153; «Педагогика және білім беру» жоғары мектебі бойынша – 3013; «Бизнес, техника және технология» жоғары мектебі бойынша – 1542.

Мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алатындар саны – 18, оның ішінде бакалавриат – 17, магистратура – 1. Ал, Қазақстан халқына қорының иегері – 12, әкім грантының иегері болып 9 студент саналады.

Университеттегі оқытушы-профессорлар саны 194-ті құрады. Оның ішінде: негізгі штаттағылар – 138, сыртқы қоса атқарушы – 56, ғылым докторы – 7, ғылым кандидаты – 61, PhD – 2, магистр – 67, шетелдік оқытушы – 7, дәрежесі жоқ – 41. Оқытушы-профессорлардың ғылыми әлеуеті біліктілік талаптарына сәйкес келеді (50,7%).

2024-2025 оқу жылында бакалавриаттың 10 білім беру бағдарламасы мен магистратураның 4 білім беру бағдарламасы «Аккредиттеудің тәуелсіз Қазақстандық орталығы» коммерциялық емес мекемесінен мамандандырылған аккредитациядан сәтті өтті.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін «Болашақ» ғылыми-зерттеу институты, Арал-Сырдария бассейнінің экология және биоресурстары ғылыми-зерттеу институты, Арал-Сырдария бассейнінің экология және биоресурстары ғылыми-зерттеу институтының Арал филиалы жұмыс жасайды. Ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың нәтижелері жылына 2 рет жарық көретін «Болашақ университетінің Хабаршысы» ғылыми-білім беру журналында жарияланады.

Университетте білім беруді интернационалдандыруға ерекше назар аударылуда. Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен бірлескен қос дипломды бағдарламаларды енгізу, зертханалардың қызметін үйлестіру, ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды іске асыру мәселелері бойынша жұмыстар жүргізілуде. ЖОО-ның қырғыз, өзбек және Ресей университеттерімен халықаралық байланыстары одан әрі кеңейуде. Білім беруді интернационалдандыру мақсатында шетелдік ғалымдар университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен білім алушылары үшін дәріс оқиды.

2025 жылдың 23-28 ақпаны аралығында жұмыс сапарымен ЖОО ректорат Санкт-Петербургтегі Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Парламентаралық Ассамблеясы жанындағы университетте болып, бірқатар әріптестік келісімдерге қол қойды.

Еліміздің жоғары білімнің халықаралық кеңістігіне интеграциялануының басым бағыттарының бірі қосдипломды білім беру екені дау тудырмаса керек. Сондықтан екі жақты меморандумның негізінде шетелдік серіктестің пәндері қазақстандық білім беру стандартының пәндерімен үйлестіріліп, магистратура бөлімінің Экономика, Құқықтану БББ бойынша қосдипломды бағдарлама дайындауға келісім жасалды.

ЖОО студенттік өзін-өзі басқаруды белсенді қолдайды және оны дамытуға ықпал етеді. Студенттерді оқытудың өзекті мәселелеріне қатысты мәселелерді шешуге көмек көрсету, университеттің имиджін арттыру, студенттік ортада салауатты өмір салтын насихаттау, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту, білім алушылардың университет өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында құрылған студенттік өзін-өзі басқару субъектілерінің қатарында топта, жоғары мектепте құрылған студенттік ұжымдар, оның ішінде: Студенттік Парламент, студенттік жатақхана кеңесі, старостат және т.б. бар.

Ерекше қажеттіліктері бар студенттерге оқу ақысы бойынша мүгедектік тобына қарай келесідей жеңілдіктер қарастырылған: 3 топ мүгедектігі бар студенттерге – 20%, 2 топ мүгедектігі бар студенттерге-30%, 1 топ мүгедектігі бар студенттерге – 50%

Университетте білім беру мекемелері ережелерінің талабы бойынша ерекше білімді қажет ететін білім алушыларға арналған «[Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау](#)» кабинеті жұмыс жасайды. Инклюзивті білім беру негізінде мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды қабылдау және өзара көмек принциптеріне бағытталған «кедергісіз» білім алу және әлеуметтік ортаны құру мақсатында тиісті жағдайлар жасалған.

Мүгедектігі бар студенттерге арналған оқу материалдары мен арнайы технологиялар:

1. Оқу корпустарындағы пандустар саны – 6;
2. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсету үшін арнайы жабдықталған кіреберістермен корпустардың саны –3;
3. Дәрісхана атаулары қосымша Брайль шрифтімен көрсетілген;
4. Оқу ғимаратының сыртында арнайы қозғалмалы саты саны–1,

ғимарат ішінде қозғалмалы саты саны–2;

5.Бірінші қабатта ерекше білім алуды қажет ететін тұлғаларға ыңғайлы орналасқан асханалар саны–2;

6.Оқу ғимаратында тиісті медициналық алғашқы көмекті көрсету құралдармен жабдықталған медициналық пункт бар;

7. Санитарлық-гигиеналық орындарда арнайы тіреуіштер орналасқан;

8.Мүгедектер арбасымен қозғалатын білім алушылар үшін әйнек көрінетін кең есік орналастырылған;

9.Құлағы нашар естейтін және мүлдем естімейтін білім алушыларға арналған электронды светодиодты табло;

10.Ғимарат қабырғаларында бағыттаушы белгілер орналасқан;

11.Арнайы құрылғылармен жабдықталған спорттық зал саны– 1;

12. Түзете-дамыту сабақтарын өткізуге арналған арнайы дәрісханалар саны -3;

13.Электронды логопедиялық «Дэльфа-142.1» тренажер бағдарламасы орнатылған.

Университет бойынша 2 педагог-психолог, 3 арнайы маман қызмет атқарады.

Қазақстанның өзге оқу орындарында және шетелде оқуға мүмкіндік беретін Академиялық ұтқырлық бағдарламасының шеңберінде100 студент отандық ЖОО оқып келсе, басқа ЖОО-дан 86 студент «Болашақ» университетіне оқуға келді.

Ағымдағы жылдың 23 сәуірінде Қызылорда «Болашақ» университетінің 4 студенті Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде өткен «Сызба геометрия» пәнінен Халықаралық пәндік Олимпиадаға қатысты. Олимпиада қорытындысы бойынша С-24-1 оқу тобының студенті Мұхитұлы Бақдәулет үшінші орынға, қалған қатысушылар сертификатқа ие болды.

Білім алушылардың іс-тәжірибеден өтуі үшін Практика және ұтқырлық бөлімінде 100-ден астам білім беру мекемелері, мамандандырылған лицейлер, орталықтар, орта бизнес компанияларымен жасалған келісім шарттар бар.

Университетте білім алушыларды түрлі жеңілдіктер мен гранттар арқылы әлеуметтік жақтан қолдау жолға қойылған. Олардың бос уақытын мәнді өткізу мақсатында волейбол, баскетбол, футбол, шахмат, тоғызқұмалақ, бокс, пауэрлифтинг, жүзу, фитнес, күрес, теннис секциялары мен «Кербез» би ансамблі жұмыс жасайды.

Республикалық Студенттер лигасы мен Универсиадағабілім алушылардан құралған командалар спорттың 3 түрінен (баскетбол, волейбол, футбол) тұрақты қатысып, жүлделі орындар иеленуде.

Университетте Әлем чемпионатының –1, Азия чемпионатының – 2, Қазақстан чемпионатының 2жеңімпазы мен жүлдегерлері бар.

18 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің Ақтау қаласындағы іс сапары аясында Мемлекет басшысы қызметтік борышын орындау кезінде ерекше батылдық танытқан әскери қызметшілерді құрметтеуге арналған

салтанатты іс-шараға қатысқан болатын. Сол шарада Қ. Тоқаевтың қолынан Қызылорда «Болашақ» университетінің білім алушысы Темирхан Асылхан «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін алды. Ол қызметтік жауынгерлік тапсырмаларды орындау кезінде батылдық, табандылық және кәсібилік танытқаны үшін аталған наградаға ие болды.

Ағымдағы жылдың 6 мамырында Қызылорда «Болашақ» университетінің ұйымдастыруымен қазақтың әйгілі ақын қызы, майталман айтыскер Ұлбике Жангелдіқызының 200 жылдық мерейтойына орай республикалық жас ақындар айтысы болып өтті.

Шараға еліміздің жоғары оқу орындарының білім алушылары қатысты.

Ақындардың арасынан ерекше өнер көрсетіп, Ұлбике жайлы тың деректер мен қызықты мағлұматтарды тілге тиек ете білген Қызылорда «Болашақ» университетінің студенттері Бекзат Серіков 1-орынды, Қартбай Мейіржан 3-орынды және С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің білім алушысы Әмірхан Елдар 2-орынды иемденді. Жеңімпаздар қаржылай сыйақымен марапатталды.

Білім алушыларды қолдау және оқудан бос уақытында жұмыс іздеуге көмектесу үшін университетте *Рекрутинг және мансап орталығы* жұмыс істейді. Білім алушылар облыс, қала шеңберінде өткізілетін «Бос орындар жәрмеңкесімен» қатар, университет базасында ұйымдастырылатын потенциалды жұмыс берушілермен кездесулерге де қатысып отырады.

Университет білім алушылары Coursera курстарына қатысып, кәсіби дағдыларын дамытуда. Оң жетістіктерге қол жеткізген олар курсты аяқтаған соң, креативті идеяларын жүзеге асырып, білімдерін практика жүзінде қолдануға талаптануда.

Түлектер еліміздің барлық саласында табысты еңбек етуде және олар бүгінгі студенттермен, жалпы профессор-оқытушылар құрамымен, басшылықпен үнемі байланыста болып, қолдау көрсетіп тұрады. Аталған байланыстың ұйытқысы университетте құрылған Түлектер ассоциациясы болып табылады.

ЖОО профессор-оқытушылар құрамының ғылыми белсенділігі 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда өсімді көрсетті. Scopus және Web of Science дерекқорларындағы мақалалар саны 20,2% - ға өсті.

Есеп беріп отырған кезеңде ЖОО 2 ғылыми конференция ұйымдастырылды.

1.«Әділетті Қазақстан: ғылым мен білімнің жаңа бағдарлары» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция (27-28 ақпан, 2025 ж.);

2.«Ғылым мен білімдегі инновациялар: жаһандық перспективалар және жергілікті шешімдер» атты халықаралық конференция (10-11 сәуір, 2025 ж.).

Университетте егде жастағы азаматтарды белсендіру және өзін-өзі тану мақсатында «Күміс университет» немесе «Дәуірге даярлау университеті» жобасы жұмыс жасады. Курс тыңдаушылары өздері таңдаған бағдарлама бойынша тегін білім алып, сертификатқа ие болады.

Университет ректоры сөзін қорытындылай келе, Қызылорда «Болашақ»

университеті алдағы уақытта да еліміздің адами капиталы мен ғылыми-технологиялық әлеуетін күшейтуге ықпал ететін жаңа бастамаларды жүзеге асыратынын тілге тиек етті.

2025/2026 оқу жылына арналған міндеттер:

1. Университеттің аймақтық және республикалық деңгейлердегі рейтингтік позицияларын жақсарту;
2. ПОҚ-ның мемлекеттік және халықаралық бағдарламаларға, оның ішінде «Болашақ» бағдарламаларына қатысуын ұйымдастыру;
3. «Адал азамат» тәрбие жұмысының тұжырымдамасын әзірлеу және енгізу;
4. ЖОО корпоративтік мәдениет кодексін енгізу;
5. «Қолданбалы жасанды интеллект» зертханасын ашу;
6. «Bolashak Hall» Студенттер Сарайын пайдалануға беру;
7. «Болашақ» медициналық клиникасын қолданысқа беру.

Қызылорда «Болашақ» университетінің ректоры Ө.Ү. Үмбетов